

ХАЛЫҚТЫҢ ТҰРМЫС САПАСЫН АРТТЫРУ МАҢЫЗДЫ

Мемлекет басшысы Халықтың әлеуметтік жағынан осал санаттарының құқықтары жөніндегі уәкіл Светлана Жақыпованы қабылдады.



Кездесу барысында халықтың тұрмыс сапасын арттыру және әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін институттық деңгейде жаңғырту мәселелері талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Светлана Жақыповаға халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарының құқықтарына кепілдіктер мен олардың занды мүдделерін қамтамасыз ету жөнінде бірқатар тапсырма берді.

Атап айтқанда, Президент көпбалалы аналар, жалғызбасты аналар және мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған аналар секілді әлеуметтік санаттағы топ өкілдерімен проактивті жұмыс істеу, сондай-ақ заңнама аясында олардың құқықтары мен мүдделерінің сақталуына қатаң бақылау жүргізу қажеттігін айтты.

Президент мүгедектігі бар адамдардың мәселесін шешуге айрықша назар аударып,

осы санатқа жататын отандастарымыздың тұрмыс сапасын жақсартуға мүмкіндік беретін заңнамалық және институттық базаны жетілдіруге қатысты ұсыныстар әзірлеуді тапсырды.

Кездесу соңында Президент ұсынылған тәсілдерді тиімді жүзеге асыру үшін Уәкілдің мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғам институттарымен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеуі маңызды екенін атап өтті.

ҰЙЫҚТАП КЕТСЕМ ТҮСІМДЕ ГРАНТТЫ КӨРЕМ...

Тамыз айының басы талапкерлер мен ата-аналар үшін алаң мен үмітті қатар кешетін уақыт. Себебі әр түлек үшін ұзақ жылғы білімінің таразыға түсетін кезі осы. Күні кеше Ғылым және жоғары білім министрлігінің ресми сайтында және әлеуметтік желілерінде 2023-2024 оқу жылына арналған білім гранты иегерлерінің тізімі жарияланды. Әлеуметтік желі беті ұл-қыздарының білім грантын жеңіп алғанын айтып, сүйінші сұрағандарда есеп жоқ. Әрине, әр ата-ана үшін баласының қалаған оқу орнына түсуі, тегін білім алуы қуанышты жаңалық. Осы ретте біз биылғы оқу жылындағы білім грантына қатысты мәліметтерді жүйелеуге тырыстық.

5»



ҚАРА АЛТЫННЫҢ ТАСЫМАЛЫ ТОҚЫРАМАЙ МА?

Ресейдің «Астық бастамасынан» шығып, Қара теңізде блокада ұйымдастыруы салдарынан бұл теңіздегі сауда жолдары қауіпті болып кетті. Қарсыласының өз порттарына соққы жасап, талқандауына жауап қатқан Украина камикадзе катерлері арқылы шабуылдап, Ресейдің Новороссийск портын болашақта құртып тынуы ықтимал. Ал қазақ мұнайының негізгі бөлігі жаһандық нарыққа дәл осы порт арқылы шығады. РФ порты жабылса, еліміз басты экспорттық тауарын қалай тасымалдаймыз? Былтырдан іздеп келген баламалы бағыттар не болды?



Өткен аптада экипажсыз катер іспеттес теңіз дрондарының шабуылы Новороссийск портындағы кемелердің қозғалысына уақытша тыйым салынуына соқтырды. Бұл туралы Каспий құбыр

консорциумы (ККК) хабарлады. Артынша мұнай арту және тасу жұмыстары қалпына келтірілген.

(Жалғасы 4-бетте)

«ҚАМҚОРЛЫҚҚА» МҰҚТАЖ ЖАНДАР КӨП



Елімізде әлеуметтік салаға айрықша көңіл бөлініп келеді. Зайырлы, әлеуметтік мемлекет ретінде оның қымбат қазынасы адам екені белгілі. Осы тұрғыда мемлекет көмегіне мұқтаж әрбір жанға қамқорлық шаралары қарастырылған. Шымкент қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының басшысы Балмаржан Нарбекова 1 шілдеден бастап елімізде Әлеуметтік кодекс күшіне енгенін атап өтті. «Әлеуметтік кодекстің мүмкіндігі шектеулі жандар үшін тиімді тұстары көп. Тәжірибе көрсеткендей, оңалту жұмыстары кезінде жақын адамдардың қолдау білдіруінен оң нәтижелерді жиі кездестіреміз», – дейді басқарма басшысы Балмаржан Полатқызы.

6»

БАР ЖАҚСЫЛЫҚ – БАЛАЛАРҒА!

Жетісу облысында мүмкіндігі шектеулі балаларға қамқорлық пен қолдау жасау бағытында нақты шаралар жүзеге асырылуда. Былтыр облыс әкімінің Панфилов ауданындағы резиденциясы балаларды оңалту орталығына беріліп еді.



ОТАНДЫҚ ПОДКАСТИНГ ӘЛІ ӘУЕСҚОЙ ДЕҢГЕЙДЕ

Бүгінгі кезең – медианарықтың негізгі нысаны саналатын оқырман, тыңдарман және көрерменнің тұтыну еркіндігі дәуірлеген уақыт. Өйткені дәстүрлі медиа негізін сақтап қалса да, цифрлы технологияның әсерінен күн санап өңін өзгертуде.



«ЖЫЛУДАН» ЖЫЛУ БОЛМАЙ ТҰР

Бурабай ауданында қарапайым халықтың жанайқайын тыңдар құлақ табылмай тұр. Әсіресе, аудан орталығы Щучинск қаласы тұрғындарының өкпесі қара қазандай. Аудан орталығындағы жекеменшікке кетіп, дәрігер жалақысы жыр болған «Авиценна-Бурабай» ЖШС-тігіндегі түйінді мәселе күні бүгінге дейін шешімін таппаған. Мұнымен қоса, «Бурабай Жылу» коммуналдық кәсіпорнының жүзден астам жұмысшысы жалақыларын даулап жүргеніне екінші жыл.

7»



